


### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Алтын Самұрық» бөбекжай - балабақшасы

Ортаңғы «Құлыншақ» тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 07-11 шілде 2025 жыл

2-апта «Менің отбасым»

| Күн тәртібі  | Дүйсенбі<br>07.07.2025ж<br>демалыс   | Сейсенбі<br>08.07.2025ж<br>«Мерейлі отбасы» | Сәрсенбі<br>09.07.2025ж<br>«Анам, әкем және мен<br>– тату-тәтті отбасы» | Бейсенбі<br>10.07.2025ж<br>Ұлттық ойындар | Жұма<br>11.07.2025ж<br>Алтын сақа |
|--|--|---|---|---|-----------------------------------|
| <p><b>Таңертеңгі қабылдау:</b></p> <p><b>Таңғы жаттығу</b></p> | <p>Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл-күйін сұрау. Топта балалармен сәлемдесу.</p> <p><b>№7 Жаттығу</b><br/> Бір тізбекте жүру. Баяу жүру. Жұппен жүру, қол ұстасып. Екі қатарлы сапта тұру.<br/> Жалпы дамыту жаттығулары.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қол алда». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде. Қолды алға созу, төмен түсіру, «төмен» деп айту, 5рет қайталау.</li> <li>2. «Аяқ ұшына көтерілу» Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде. Аяқтың ұшына көтерілу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.</li> <li>3. «Насос». Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға иілу, оң қол денемен төмен сырғыту, сол қол жоғарыда, иіле «Ш-ш-ш» деп дыбыстау, тізілу. 6 рет қайталау..</li> <li>4. «Секірулер». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде. Бір орында екі аяқпен бірдей 8 рет секіру, бір орында баяу жүгіру, қайта секіру.</li> </ol> <p>Тыныс алу жаттығуы.</p> <p>Б.С.Талмачева бойынша. «Отын» - аяқты ұшымен иық деңгейінде қойып, саусақтарын илендіріп қолын желкеге ұстау қажет: аяғын түсіріп, қолдарын аяқ арасына жіберіп, қолға қарай еңкейеді, демін тез ішке тартып, кері шығарады, яғни балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады.<br/> Екі қатарлы саптан қайта тізбекке оралу. Жүру.</p> |   |   |   |                                   |

|   |  |   |   |  |  |
|---|--|---|---|--|--|
| <p><b>Гигиеналық шаралар</b><br/><b>Таңғы асқа дайындық</b><br/><b>Таңғы ас</b></p> | <p>Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйретуді жалғастыру</p> |   |   |  |  |
| <p><b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b></p>                                |  | <p><b>«Әке көрген оқ жонар», зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасау.</b><br/>Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру.<br/><b>Мақсаты:</b> Ата-аналар мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты көру.</p>                                       | <p><b>«Әлди-әлди ақбөпем» челенджі, әжесінің бесік жыры.</b><br/><b>Мақсаты:</b> бесік жыры не үшін қажет екенін түсіндіру.</p>   | <p><b>Ұлттық ойындар фестивалі,</b> қимыл-қозғалыс ойындары<br/>«Ханталапай»,<br/>«Аударыспак»,<br/>«Сақина салу»</p>  | <p><b>«Мен атамның көмекшісімен» тақырыбында әңгімелесу</b><br/><b>Мақсаты:</b><br/>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br/>«Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру.</p>   |
| <p><b>Күндізгі серуен</b></p>   |  | <p><b>№6 Ауа райын бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> ауа райының күйін (күн ашық, жаңбырлы, бұлтты) ажырата білуді үйренуді жалғастыру; табиғат құбылыстарын бақылап, алған әсерлерін жеткізуге үйрету; байқағыштыққа тәрбиелеу; сөздік қорын дамыту.</p> | <p><b>№7 Көбелекті бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> көбелекпен, оның өмір салтымен, өмір сүруге қажетті жағдайлармен таныстыру; байқауды дамыту.<br/>«Ересектерге көмектес» еңбек қызметі.<br/><b>«Шеңберде кім қалады?» қимылды ойын</b><br/><b>Мақсаты:</b> тепе-теңдік сезімін, ептілікті, қозғалыс</p> | <p><b>№8 Ағаштарды қарау</b><br/><b>Мақсаты:</b> ағаштар туралы ойларын бекіту, жазда ағаштармен болатын өзгерістерді көрсету; табиғатқа құрметпен қарауды дамыту.<br/><b>«Кім мерген?» қимылды ойыны ойыны</b><br/><b>Мақсаты:</b> доптың соққысын құрсаумен бекіту; көзді дамыту.<br/>Табиғаттағы еңбек: жиналмалы</p> | <p><b>№9 Ересек адамның еңбегін бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> шөп шабуын, аумақты суаруды қадағалау; жұмысты жалғастыру, тәрбиешінің еңбек әрекетіне балаларды қосу.<br/><b>«Ұста, лақтыр, құлап қалма!» қимылды ойыны.</b><br/><b>Мақсаты:</b> допты бір-біріне лақтыру және қағып алу жаттығулары.</p> |

|                                      |  |  |  |   |  |
|--------------------------------------|--|--|--|---|--|
|                                      |  | <p>Белгі: шық молу болуы - күн ашық.<br/> <b>«Мысық пен тышқан» қимылды ойыны</b><br/> <b>Мақсаты:</b> ойын ережесін бекіту, көркемдік сүйемелдеу.<br/> Табиғаттағы еңбек: аулада шелектерге қоқыс жинау.<br/> Шығарылатын материал: құмсалғыш жинағы, мысық пен тышқан эмблемасы, сұлтандар</p> | <p>жылдамдығын дамыту.<br/> Шығарылатын материал: құм жиынтығы, шелек, су сепкіш, маска немесе ойнауға арналған эмблема. (Физикалық, зерттеу, танымдық, коммуникативтік дағды)</p> | <p>ойыншықты жинау, оны құмнан тазарту.<br/> Шығарылатын материал: құрсау, доп, құмсалғыш жинағы, сұлтандар</p> | <p>Табиғаттағы еңбек: аулада бұтақ, қиыршық тастарды жинау.<br/> Шығарылатын материал: құмсалғыш жинағы, доп</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b>               | Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруын дамыту.  |  |  |   |  |
| <b>Гигиеналық шаралар,</b>           | Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуғызу.<br>Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.                              |  |  |   |  |
| <b>Түскі асқа дайындық, Түскі ас</b> | Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету.<br>Тамақтан соң ауызды сумен шайғызу.         |  |  |   |  |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                 | Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.  |  |  |   |  |
| <b>Ұйқыдан ояну шынығу,</b>          | Ұйқыдан кейін кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу.<br>Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту.<br>Киіміндегі кемшіліктерді жөндету. |  |  |   |  |

|   |  |   |   |   |  |
|---|--|---|---|---|--|
| <b>Бесін ас</b>                           | Тамақтану алдында қолын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту |   |   |   |  |
| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b> |  | <b>Абай Құнанбайұлының</b> өлеңдерін жатқа айту челленджі.<br><b>Мақсаты:</b> әдеби шығармаларға баулу. | <b>Отбасының қызықты демалыс сәттерінен суреттер көрмесін ұйымдастыру.</b> Тақырыпқа сәйкес ән айту мен мәнерлеп оқу сайысы.<br><b>Мақсаты:</b> балалармен отбасы ұғыммен таныстыруды жалғастыру. | <b>Ұлттық ойындар</b> «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ». <b>Мақсаты:</b> балаларға отбасы түсінігін қалыптастыру. | - «Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату; асықтан жасалған «денсаулық жолымен» жүргізу; асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату. |
| <b>Серуенге дайындық</b>                  | Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді жетілдіру.  |   |   |   |  |
| <b>Серуендеу</b>                          |  | <b>Қимылды ойын:</b> «Түлкі мен қоян»<br><b>Мақсаты:</b> балалар ойын шартын түсініп ойнайды.           | <b>Ағаштарды, жәндіктерді бақылау және өсімдіктерге күтім жасау</b><br><b>Мақсаты:</b> балаларды табиғатқа күтім жасауға үйрету.  | Дидактикалық ойын: «Көкөністер-жемістер»<br><b>Мақсаты:</b> балалар дәміне қарай тауып айтады.  | « Алтын сақа» ұлттық ойын<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды дәлдікке үйрету.  |
| <b>Үйге қайту Ата-анаға кеңес</b>         | «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы» тақырыбында әңгімелесу.  |   |   |   |  |

Тексерілді, әдіскер 

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Алтын Самұрық» бөбекжай - балабақшасы

Ортаңғы «Кұлыншақ» тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 14-18 шілде 2025 жыл

**3-апта «Жазғы сайыстар»**

| Апта күндері  | Дүйсенбі<br>күні 14.07<br>«Ұлы дала баласы»  | Сейсенбі<br>күні 15.07<br>Жүгіреміз, зырлаймыз | Сәрсенбі<br>күні 16.07<br>Спорттық ойындар<br>күні | Бейсенбі<br>күні 17.07<br>Менің көңілді<br>добым | Жұма<br>күні 18.07<br>«Олимпиада<br>алауы» |
|---|--|--|--|--|--|
| <p><b>Таңертеңгі кабылдау:</b></p> <p><b>Таңғы жаттығу</b></p> <p><b>Гигиеналық шаралар</b></p> | <p>Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау.<br/>Балалардың дұрыс сәлемдесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуін қалыптастыру.</p> <p>Таңғы жаттығу маусым айы</p> <p><b>Жіппен</b><br/>Бір тізбекте жүру, баяу жүру. Қол белде, өкшемен жүру. Шеңберге тұру.<br/>Жіппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Жіпті алға» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жіп төменде, қолда. Қолды алға созу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.</li> <li>2. «Алға иілу». Б.қ. аяқ иық деңгейінде, жіп төменде. Жіпті төмен түсіру, алға баяу иілу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.</li> <li>3. «Жартылай отыру». Б.қ. аяқ сәл алшақ, жіп төменде. Жартылай отыру, қайта отыру. 6 рет қайталау.</li> <li>4. «Жіпті жоғары». Б.қ. бастапқыдай. Жіпті жоғары көтеру. Бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.</li> </ol> <p>Тыныс алу жаттығуы:<br/>Т.Ф.Виноградова бойынша «Түтікше» - ысқырықты үргендей қылып, ерніңмен түтікшені қысып, сосын жымыйып ернінді босатасың: еріннің осындай қалыптарын кездестіріп қайталайды.</p> |  |  |  |  |

|   |   |   |   |  |  |
|---|---|---|---|--|--|
| <p><b>Таңғы асқа дайындық</b><br/><b>Таңғы ас</b></p> | <p>Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.<br/>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауды пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.<br/>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, дұрыс тамақтануды қалыптастыру.<br/><b>Астарың дәмді болсын!</b></p> |   |   |  |  |
| <p><b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b></p>  | <p><b>«Жас спортшылар»</b> балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру.</p>   | <p><b>«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау»</b> тақырыптарында әңгімелесу<br/><b>Мақсаты:</b> балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа)</p> | <p><b>Балалардың сүйікті қимылды ойындарын ойнату.</b> Ж аңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу.</p>      | <p><b>Сурет салу, мүсіндеу</b> «Менің көңілді добым».<br/><b>Мақсаты:</b> балалардың шығармашылыққа баулу.</p>                               | <p>Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру. «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым»,</p>  |
| <p><b>Серуенге дайындық</b></p>                       | <p>Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруін пысықтау.</p>   |   |   |  |  |
| <p><b>Күндізгі серуен</b></p>                         | <p><b>№10 «Бағдаршамды» бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> бағдаршам туралы түсініктернін жалғастыру.<br/><b>Еңбек:</b> топ тазалығы.<br/><b>Сюжетті – рөлдік</b></p>  | <p><b>№11«Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар» бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> өсімдік туралы түсініктер беріп, улы екенін түсіндіру.<br/><b>Еңбек:</b> арам шөптерді жұлады.</p>  | <p><b>№12 Өрт сөндіруші машинларын бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер</p> | <p><b>№13 «Табиғат құбылыстарын» бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.<br/><b>Қимылды ойын:</b></p> | <p><b>№14 Желді бақылау.</b><br/><b>Мақсаты:</b> Жел туралы мағлұмат беру. Желдің түрлерімен таныстыру. Жел дегеніміз не? Жел қандай болады? Жел қалай пайда болады?<br/>Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес</p> |

|                                      |  |  |   |  |  |
|--------------------------------------|--|--|---|--|--|
|                                      | <p><b>ойыны.</b><br/>«Бағдаршам».</p> <p><b>Мақсаты:</b><br/>Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).</p> | <p>Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», «Орамал тастамақ» және т.б.</p> <p><b>Мақсаты:</b> қимыл қозғалысын артыру.</p> | <p>қызметі туралы түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Су себу, гүлдерге.</p> <p><b>дидактикалық ойын:</b><br/>«Өрт сөндірушіге не қажет?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> балалар өртке қажетті заттарды топтап айтып, көрсетеді.</p> | <p>Допты нысанаға лақтыру.</p> <p><b>Мақсаты:</b><br/>Балалар ойын шартын түсініп ойнайды.</p> | <p>темше», «Көкпар», «Асық ойындары».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Еңбек:</b> Гүлдерге су құю.</p> <p>Мақсаты: Тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу. Керекті құралдар: Күрек, су, шелек.</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b>               | Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруын дамыту.  |  |   |  |  |
| <b>Гигиеналық шаралар,</b>           | Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуғызу. Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.                                 |  |   |  |  |
| <b>Түскі асқа дайындық, Түскі ас</b> | Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шайғызу.            |  |   |  |  |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                 | Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.  |  |   |  |  |
| <b>Ұйқыдан ояну шынығу,</b>          | Ұйқыдан кейін кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу. Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндету.       |  |   |  |  |

|   |  |   |   |   |   |
|---|--|---|---|---|---|
| <b>Бесін ас</b>                             | Тамақтану алдында қолын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту                       |   |   |   |   |
| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b>   | «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау.   | Көркем шығарма оқып беру (немесе үзінді оқу). «Әке мен бала»<br><b>Мақсаты:</b> балаларды көркем шығармаларға баулу.                                | <b>Санамақтар жаттау.</b>   | <b>Балалармен әңгімелесу</b><br>«Допты спорт түрлері». Доппен ойнау.  | <b>Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою.</b><br>Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар.     |
| <b>Серуенге дайындық</b>                    | Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді жетілдіру.  |   |   |   |   |
| <b>Серуендеу</b>                            | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Мысық тышқан»<br><b>Мақсаты:</b> балаларды шапшаңдыққа, зейінді болуға және өлең жолдарына йтқызу арқылы тілдерін дамыту. | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Күн мен түн»<br><b>Мақсаты:</b> балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету. Елтілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Қаздар мен аққулар»<br><b>Мақсаты:</b> топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Кімнің шары алысқа ұшады?»<br><b>Мақсаты:</b> Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру. | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Не жүреді және ұшады?»<br><b>Мақсаты:</b> Әртүрлі қимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту анализаторларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамыту. |
| <b>Үйге қайту</b><br><b>Ата-анаға кеңес</b> | «Олимпиада алауы» әңгіме жүргізу.  |   |   |   |   |

Тексерілді, әдіскер 

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Алтын Самұрық» бөбекжай - балабақшасы

Ортаңғы «Кұлыншақ» тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 21-25 шілде 2025 жыл

**4-апта «Табиғат әлемі»**

| Апта күндері  | Дүйсенбі<br>күні 21.07<br>Алтын балық  | Сейсенбі<br>күні 22.07<br>Ойланайық, балақай! | Сәрсенбі<br>күні 23.07<br>Гүлдер күні | Бейсенбі<br>күні 24.07<br>Жәндіктер<br>әлемі | Жұма<br>күні 25.07<br>«Туған өлкем» |
|---|--|---|---------------------------------------|--|-------------------------------------|
| <b>Таңертеңгі<br/>қабылдау:</b><br><br><b>Таңғы жаттығу</b> | <p>Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау.<br/>Балалардың дұрыс сәлемдесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуін қалыптастыру.</p> <p>Таңғы жаттығу маусым айы<br/><b>Құрсаумен</b><br/>Бір тізбекте жүру. Баяу жүру. Тәрбиешінің соңынан иреленіп қол ұстап жүру. Екі қатарлы сапқа тұру.<br/>Құрсаумен орындалатын жалпы жаттығулар:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>«Құрсау жоғарыда». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қолда құрсау, төмен. Құрсауды жоғары көтеру, оған қарау, «Төмен» деп айту, төмен түсіру. 5 рет қайталау.</li><li>«Жан жақа бұрылу». Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қолды алға созу құрсауды кеуде тұсына керу, оңға (солға) бұрылу, бастапқы қалыпқа оралу. Сол жақа дәл солай жасау.</li><li>«Отырып-тұру». Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қолды алға созу құрсауды кеуде тұсына керу. Отыру, құрсауды еденге қою, «Отыр» деп айту, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.</li><li>«Құрсау алда». Б.қ. аяқ сәл алшақ, құрсау ткіменде. Құрсауды алға созу, төмен түсіру. 5 рет қайталау.</li></ol> <p>Тыныс алу жаттығуы:</p> |   |                                       |  |                                     |

|   |  |   |   |   |  |
|---|--|---|---|---|--|
| <p><b>Гигиеналық шаралар</b></p> <p><b>Таңғы асқа дайындық</b></p> <p><b>Таңғы ас</b></p> | <p>А.А.бирюк бойынша. «Мысық» - аяғын қосып, түзу тұру; демін ішке тартқан уақытта ілгері еңкейіп, көлбеу бағытта ұстау, кері бастапқы жағдайға келу, демін сыртқа шығарады.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.</p> <p><b>Көркем сөз</b></p> <p>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақ мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс.</p> <p>Ойын жаттығуы:</p> <p>Тили-сағат, тили-сағат,<br/>Қазір міне түскі ас уақыты.<br/>Анамыз үшін бір қасық.<br/>Әкеміз үшін бір қасық,<br/>Күшік, мысық үшін бір қасық жейміз<br/><b>Астарың дәмді болсын!</b></p> |   |   |   |  |
| <p><b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті</b></p>                                       | <p><b>Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау.</b></p> <p>«Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы.</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды шығармашылыққа баулу.</p>  | <p><b>«Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға жаз туралы түсініктерін жалғастырып, балалардың ұсақ моторикасын дамыту.</p> | <p><b>Балаларға өз қалау бойынша жұмыстар ұсыну:</b></p> <p>Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру. Педагог бақылап, қажет болса көмек</p> | <p><b>Танымдық әңгіме.</b></p> <p><b>«Жәндіктер әлемі»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> жәндіктің пайда болуы, олар жайлы түсінік беру.</p> | <p><b>«Туған өлкем»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтанш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу.</p> |

|                          |  |  |   |  |  |
|--------------------------|--|--|---|--|--|
|                          |  |  | көрсетеді (апликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру.  |  |  |
| <b>Серуенге дайындық</b> | «Кім ұқыпты?»<br><b>мақсаты:</b> Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.   |  |   |  |  |
| <b>Күндізгі серуен</b>   | <p><b>№15 «Аквариумдағы балықтарды» бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> балаларға балықтың түрлерімен таныстыру.<br/>Еңбек: аквариум суын ауыстырып жем шашу.<br/><b>«Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату</b><br/><b>Мақсаты:</b> мәтінімен қимыл жасау.</p> | <p><b>№16 «Табиғатты» бақылау.</b><br/><b>Мақсаты:</b> табиғат құбылыстарын бақылап, алған әсерлерін жеткізуге үйрету;<br/>байқағыштыққа тәрбиелеу; сөздік қорын дамыту. Белгі: шық молу болуы - күн ашық.<br/><b>«Мысық пен тышқан» қимылды ойыны</b><br/><b>Мақсаты:</b> ойын ережесін бекіту, көркемдік сүйемелдеу.<br/><b>Еңбек:</b> Табиғаттағы еңбек: аулада</p> | <p><b>№17 «Гүлзардағы гүлдерді» бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> гүлдер туралы түсініктерін жалғастыру.<br/><b>«Шеңберде кім қалады?» қимылды ойын</b><br/><b>Мақсаты:</b> тепе-теңдік сезімін, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту.<br/><b>Еңбек:</b> гүлзарларды, гүлбағын қопсыту, суару, тазалау.</p> | <p><b>№18 «Табиғаттағы жәндіктер» бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> бала ларға жетекші сұрақтар қоя отырып, көрген-білгенін сұрау. Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту.<br/><b>Таза ауада ұлттық</b></p> | <p><b>№19 Ересек адамның еңбегін бақылау</b><br/><b>Мақсаты:</b> шөп шабуын, аумақты суаруды қадағалау; жұмысты жалғастыру, тәрбиешінің еңбек әрекетіне балаларды қосу.<br/><b>«Ұста, лақтыр, құлап қалма!» қимылды ойыны.</b><br/><b>Мақсаты:</b> допты бір-біріне лақтыру және қағып алу жаттығулары. Табиғаттағы еңбек:</p> |

|                            |   |  |  |   |  |
|----------------------------|---|--|--|---|--|
|                            |   | шелектерге қоқыс жинау.<br>Шығарылатын материал: құмсалғыш жинағы, мысық пен тышқан эмблемасы, сұлтандар |  | <b>ойындарды ойнау:</b><br>«Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ». | аулада бұтақ, қиыршық тастарды жинау.<br>Шығарылатын материал: құмсалғыш жинағы, доп |
| <b>Серуеннен оралу</b>     | « <b>Мен ептімін</b> » ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу.   |  |  |   |  |
| <b>Гигиеналық шаралар</b>  | <p><b>Мақсаты:</b> Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.</p> <p><b>Көркем сөз</b><br/>Қуанады анашым,<br/>Таза оның баласы.<br/>Маңдайымнан сипайды,<br/>Саусағының саласы.</p>  |  |  |   |  |
| <b>Түскі асқа дайындық</b> | Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз.   |  |  |   |  |
| <b>Түскі ас</b>            | <p><b>Мақсаты:</b> ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.</p> <p style="text-align: center;"><b>Бата</b><br/>Асың, асың, асыңа,<br/>Бақыт қонсын басыңа,<br/>Дастарханың мол болсын,<br/>Көңіл күйің жай болсын.<br/>Астарың дәмді болсын!Әмин</p> |  |  |   |  |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>       | Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұыпты бүктеп қоюға үйрету, досының киінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу. «Мақа қыз бен мысық» ертегісін айту.   |  |  |   |  |
| <b>Ұйқыдан тұру</b>        | Ояту гимнастикасы<br>Мақсаты: балалардың жайлы оянуына ықпал ету.   |  |  |   |  |

|   |  |  |  |  |   |
|---|--|--|--|--|---|
|   | <p>Балаларды біртіндеп көтеру, ауа ванналары, сергітетін гимнастика, денсаулық жолымен жүру.<br/>         Ойын жаттығуы<br/>         Шүмек, ашыл! Мұрын, бет жуыл!<br/>         Бірден жуын, екі көз!<br/>         Жуын, құлақ, жуын, мойын!<br/>         Мойын, жақсы жуын!<br/>         Жуын, жуын, тазалан!</p> |  |  |  |   |
| <b>Бесін асқа дайындық. Бесін ас.</b>     | Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру   |  |  |  |   |
| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b> | <p>Көркем шығарма оқып беру.<br/> <b>«Алтын балық»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> балаларға ертегі желісін түсіндіріп айтып беру.</p>  | <p>Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс).</p> | <p>«Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны<br/> <b>Мақсаты:</b> бағбан жұмысын түсіндіру.</p> | <p><b>«Сабын көпіршіктерін үрлеу»</b> ойын-сауық<br/> <b>Мақсаты:</b> достық атмосфераны құру; сабынды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру.</p> | <p>Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдау.<br/> <b>Мақсаты:</b> шығармашылықты қиялды дамытуды жалғастыру; туған еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b>                  | « <b>Мен ептімін</b> » ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу.  |  |  |  |   |
| <b>Серуендеу</b>                          | « <b>Күн мен түн</b> »<br><b>Ойынның мақсаты:</b> балалардың кеңістікті бағдарлай білуін, ептілік қимыл-қозғалыстарын жылдам өзгерте алу қабілеттерін жетілдіре түсу.  |  |  |  |   |
| <b>Үйге қайту Ата-анаға кеңес</b>         | Ата-аналарға кеңес беру: «Баланы жаз мезгілінде қалай киіндіру керек»  |  |  |  |   |

Тексерілді, әдіскер 

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Алтын Самұрық» бөбекжай - балабақшасы

Ортаңғы «Құлыншақ» тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **28-01** шілде/ тамыз 2025 жыл

5-апта «Менің достарым»

| Апта күндері                    | Дүйсенбі<br>күні 28.07<br>Әдептілік –<br>әдемілік   | Сейсенбі<br>күні 29.07<br>Достық күні | Сәрсенбі<br>күні 30.07<br>Мейірімділік күні | Бейсенбі<br>күні 31.08<br>Түрлі-түсті<br>кемпірқосақ күні | Жұма<br>күні 01.08<br>Достық аллеясы |
|---------------------------------|---|---------------------------------------|---|---|--------------------------------------|
| <b>Таңертеңгі<br/>қабылдау:</b> | Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау.<br>Балалардың дұрыс сәлемдесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуін қалыптастыру.   |                                       |   |   |                                      |
| <b>Таңғы жаттығу</b>            | Таңғы жаттығу маусым айы<br><b>Жаттығу</b><br>Бір тізбекте жүру. Баяу жүру. Жүппен аяқ ұшында жүру. Екі қатарлы сапқа тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығулары.<br>1. «Бастан асыра шапалақта». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде. Қолды жоғары көтеру, «хлоп» деп айта шапалақтау, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.<br>2. «Алға иілу». Б.қ. еденде отырып, аяқ алшақ, қол төменде. Алға иілу, «хлоп» деп, тізені соғу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.<br>3. «Жан-жақа иілу». Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол алда. Оңға (солға) бұрылу, «Оңға» («солға») деп айту, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. |                                       |   |   |                                      |

|  |  |  |  |   |   |
|--|--|--|--|---|---|
| <p><b>Гигиеналық шаралар</b></p> <p><b>Таңғы асқа дайындық</b><br/><b>Таңғы ас</b></p> | <p>4. «Секірулер» Б.қ.аяқ сәл алшақ, қол белде. Бір отында екі аяқпен бірдей 8 рет секіру, бір орында баяу жүру, қайта секіру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы<br/>А.Н.Стрильникова бойынша. «Ит балық» - отырып бір қолын ішіне, екінші қолын кеудесіне қою: ішін тартып демін алу, кеудесін төмен түсіріп, ішін жіберіп томпайтып ауаны сыртқа шығару.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.</p> <p><b>Көркем сөз</b><br/>Қолымызды жуамыз,<br/>Асханаға барамыз<br/>Асханаға барған соң<br/>Тамақ ішіп аламыз.<br/>Ас ішерде күнде біз<br/>Сөйлемейміз күлмейміз<br/>Астан басқа өзгені<br/>Елемейміз білмейміз.<br/><b>Астарың дәмді болсын!</b></p> |  |  |   |   |
| <p><b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b></p>                                   | <p>«<b>Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?»</b> «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. Көркем шығарма оқып беру.<br/><b>Мақсаты:</b> балаларды көркем шығармаларға баулу, тілдерін дамыту.</p>   | <p>«<b>Достық күні</b>»<br/><b>Мақсаты:</b> Балада дос, Достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту.</p> | <p>«<b>Мейірімділік күні</b>»<br/>Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу.<br/><b>Мақсаты:</b> мейірімділік болса бүкіл жерде сенің өмір жолың ашық болатынын түсіндіру.</p> | <p>«<b>Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы:</b> үрленген шарлармен эстафеталар өткізу, шарларға сурет салу, «ең көңілді шар» конкурсын жариялау.</p> | <p>Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу.<br/><b>«Достық аллеясы»</b><br/><b>Мақсаты:</b> Балалардың қалауымен.</p> |

|                            |   |  |  |  |  |
|----------------------------|---|--|--|--|--|
| <b>Серуенге дайындық</b>   | Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруін пысықтау.  |  |  |  |  |
| <b>Күндізгі серуен</b>     | <p><b>№20 «Бағдаршамды» бақылау</b><br/> <b>Мақсаты:</b> бағдаршам туралы түсініктернін жалғастыру.<br/> <b>Еңбек:</b> топ тазалығы.<br/> <b>Сюжетті – рөлдік ойыны.</b><br/> «Бағдаршам».<br/> <b>Мақсаты:</b> Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).</p> | <p><b>№21 «Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар» бақылау</b><br/> <b>Мақсаты:</b> өсімдік туралы түсініктер беріп, улы екенін түсіндіру.<br/> <b>Еңбек:</b> арам шөптерді жұлады.<br/> Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», «Орамал тастамақ» және т.б.<br/> <b>Мақсаты:</b> қимыл қозғалысын артыру.</p> | <p><b>№22 Өрт сөндіруші машинларын бақылау</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы түсінік беру.<br/> <b>Еңбек:</b> Су себу, гүлдерге.<br/> <b>дидактикалық ойын:</b><br/> «Өрт сөндірушіге не қажет?»<br/> <b>Мақсаты:</b> балалар өртке қажетті заттарды топтап айтып, көрсетеді.</p> | <p><b>№23 «Табиғат құбылыстарын» бақылау</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.<br/> <b>Қимылды ойын:</b> Допты нысанаға лақтыру.<br/> <b>Мақсаты:</b> Балалар ойын шартын түсініп ойнайды.</p> | <p><b>№24 Желді бақылау.</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Жел туралы мағлұмат беру.<br/> Желдің түрлерімен таныстыру.<br/> Жел дегеніміз не?<br/> Жел қандай болады?<br/> Жел қалай пайда болады?<br/> <b>Ұлттық ойындарды ойнату:</b><br/> «Түйілген орамал»<br/> «Арқан тартыс»,<br/> <b>Мақсаты:</b> Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру.<br/> Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br/> <b>Еңбек:</b> Гүлдерге су құю.<br/> Мақсаты: Тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу.<br/> Керекті құралдар:<br/> Күрек, су, шелек.</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b>     | Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруын дамыту.   |  |  |  |  |
| <b>Гигиеналық шаралар,</b> | Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуғызу.<br>Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.   |  |  |  |  |

|   |  |   |   |  |   |
|---|--|---|---|--|---|
|   |  |   |   |  |   |
| <b>Түскі асқа дайындық, Түскі ас</b>      | Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шайғызу.  |   |   |  |   |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                      | Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.  |   |   |  |   |
| <b>Ұйқыдан ояну шынығу,</b>               | Ұйқыдан кейін кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу. Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндету.   |   |   |  |   |
| <b>Бесін ас</b>                           | Тамақтану алдында қолын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту   |   |   |  |   |
| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b> | <p><b>Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім».</b><br/> <b>Мақсаты:</b> балаларды достық туралы түсініктерін жетілдіру.<br/> <b>Сюжетті-рөлдік ойын</b><br/> «Супермаркет»,<br/> «Сән салоны».<br/> <b>Мақсаты:</b> балалар ойын арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасап сөйлеу тілдері дамиды.</p> | <p><b>Достық туралы ән тындау, бірге айту.</b><br/> <b>Жапсыру, «Досыма сыйлық».</b><br/> <b>Мақсаты:</b> балаларды шығармашылыққа баулу, достық туралы ұғымды жетілдіру.</p> | <p><b>«Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері»</b><br/> ертегі еліне саяхат, пікірталас.<br/> <b>Мақсаты:</b> ертегідегі кейіпкерлерін мысалға келтіріп олардың жақсы жақтарын өздеріне алуға тәрбиелеу.</p> | <p><b>Түрлі-түсті шардан кемпірқосақ құрастыру.</b><br/> <b>Мақсаты:</b> балалардың көңіл күйлерінің көтеріңкі болуына әсер ету.</p> | <p><b>Ұлттық ойындарды ойнату:</b><br/> «Білектесу»,<br/> «Алтын сақа».<br/> <b>Мақсаты:</b> Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру.</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b>                  | Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді жетілдіру.  |   |   |  |   |

|   |   |   |   |   |  |
|---|---|---|---|---|--|
| <b>Серуендеу</b>                            | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Мысық тышқан»<br><b>Мақсаты:</b><br>балаларды шапшандыққа , зейінді болуға және өлең жолдарынайтқызу арқылы тілдерін дамыту. | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Күн мен түн»<br><b>Мақсаты:</b> балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету. Ептілікке, шапшандыққа, төзімділікке тәрбиелеу. | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Қаздар мен аққулар»<br><b>Мақсаты:</b> топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Кімнің шары алысқа ұшады?»<br><b>Мақсаты:</b> Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру. | <b>Қимылды ойын:</b><br>«Не жүреді және ұшады?»<br><b>Мақсаты:</b> Әртүрлі қимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту , қол мен аяқ-қимылдарын дамыту. |
| <b>Үйге қайту</b><br><b>Ата-анаға кеңес</b> | <b>«Менің достарым»</b>   |   |   |   |  |

Тексерілді, әдіскер 

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** «Алтын Самұрық » бөбекжай -балабақшасы

Ортаңғы «Кұлыншақ» тобы

**Балалардың жасы** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 04-08 тамыз 2025 жыл

**1-апта** «Мейірімділік аптасы» «Ас атасы – нан»

| <b>Апта күндері</b>                                     | <b>Дүйсенбі</b><br>04.08.2025 ж.<br><b>Алтын дән</b>   | <b>Сейсенбі</b><br>05.08.2025 ж<br><b>Нан - дастархан байлығы</b> | <b>Сәрсенбі</b><br>06.08.2025 ж<br><b>Нан болса, ән де болады</b> | <b>Бейсенбі</b><br>07.08.2025 ж<br><b>Егіс алқабында</b> | <b>Жұма</b><br>08.08. 2025 ж<br><b>Жемістер мен көкөністер</b> |
|---|--|---|---|--|--|
| <b>Таңертеңгі қабылдау:</b><br><br><b>Таңғы жаттығу</b> | <p>Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау.</p> <p><b>Доппен</b><br/>Бір тізбекте жүру. Баяу жүгіру. Тәрбиешінің соңынан ирелендіріп жүру. Екі қатарлы сапқа тұру.<br/>Доппен орындалатын дамыту жаттығулары.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Доп жоғарыда» Б.қ.аяқ сәл алшақ, қолда доп, төменде. Қолды жоғары көтеру. «Төмен» деп айту, төмен түсіру. 5 рет қайталау.</li> <li>2. «Допты қой» Б.қ.еденде отырып, аяқ алшақ, қолда доп, тізеде. Алға иілу, допты еденге қою тізелеу, иілу, допты алу, бастыпқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.</li> <li>3. «Аяқтың ұшына көтерілу» Б.қ.аяқ сәл алшақ, доп қолда кеуде тұсына керілу. Аяқтың ұшына көтерілу. Бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау.</li> </ol> |   |   |  |  |

|   |  |   |  |   |  |
|---|--|---|--|---|--|
| <p><b>Гигиеналық шаралар</b></p> <p><b>Таңғы асқа дайындық</b></p> <p><b>Таңғы ас</b></p> | <p>4. «Доп алда» Б.қ.аяқ иық сәл алшақ, доп төменде. Допты кеуде тұсына көтеру, төмен түсіру. 5 рет қайталау.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы:</p> <p>А.А.Бирюк бойынша. «Пирамида» - тұзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қою: қолдарын жоғары көтеріп жоғары тартылу, демін ішке жұту, рет-ретімен қолдарын, иықтың тұсын, иығын, басы, денесін төмен түсіру демін сыртқа шығарады.</p> <p>Екі қатарлы саптан қайта бір тізбекке оралу. Баяу жүгірі. Баяу жүру.</p> <p>Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.</p> <p>Жуынамын, жуынамын,<br/>Тісімді ысқылап жуамын,<br/>Бетімізді жуамыз,<br/>Таза бала боламыз.</p> <p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауды пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.</p> <p>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, дұрыс тамақтануды қалыптастыру.</p> <p><b>Ойын- жаттығу:</b></p> <p>Нан қоқымын шашпағдар<br/>Жерде жатса баспандар.<br/>Теріп алып қастерлеп<br/>Торғайларға тастандар..<br/><b>Астарың дәмді болсын!</b></p> |   |  |   |  |
| <p><b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b></p>                                      | <p><b>Дәндер патшалығына саяхат:</b> суреттер мен альбомдар қарау.<br/>көркем шығарма оқып беру,<br/>тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу;<br/>ыдыстағы дәндерді</p>  | <p><b>«Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу;</b><br/><b>Мақсаты:</b> шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу;</p> | <p>Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын</p> | <p><b>«Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру;</b><br/>Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату;</p> | <p><b>«Жемістер мен көкөністер» фестивалі;</b><br/>Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы;</p> |

|                          |  |  |  |  |  |
|--------------------------|--|--|--|--|--|
|                          | <p>түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау;</p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың сөйлеу тілін, шығармашылығын, саусақ бұлшықеттерін дамыту.</p>  |  | қарау;   |  |  |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруін пысықтау.   |  |  |  |  |
